

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 351 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 маусымдағы № 371 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 351 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қайрат Құдайбергенұлы Әбдірахманов Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы құпия ақпаратты өзара қорғау туралы келісімге Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қойсын, оған қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат берілсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев